

Л. ТОЛСТОЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІБЕТІ АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ
КІТАПХАНАСЫ



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

1934 жыл
10 қаңтардан шыға бастады

Қазақстан Республикасының өдебиет, мәдениет және өнер апталығы

12+



№45 (3938)

15 қараша, 2024 жыл

www.qazaqadebieli.kz

ТӘТТІМБЕТ. ТӘКЕН. ТАЛАСБЕК ТЕРЕҢ. ТЫЛСЫМ. ТҰҢҒИЫҚ,

Теңіздей терең деп жа-тады. Асылы, адам жаны-нан тереңі жоқ. Тереңнің түбіне түсіп, тылсыммен тілдесуге тәуекел ету үшін де, сіра, Тәттімбеттің өзі-не жетеқабыл деңгей, дарын керек. Адам емес, тіпті хайуанаттар ішіндегі бір сүйкімсіз қолтыра-уынның өзі де теңіздің ең тереңіне барып жат-пай жаны жай таппай-тын көрінеді. Сол терең-ге бойлау үшін де түрлі амал тапқан. Ол үшін кісі басындай тас жұтады екен. Ал адам жанының тереңі-не бойлау үшін адам не істейді?

Ол тас жұтпайды, өри-не. Біліміне, білігіне, па-расат-пайымына, оқыған-тоқығанына, дарынына, дара қасиетіне сүйенеді. Осы ой жосығымен жонкілгенде Тәт-тімбетті түсініп, түйсініп зер-делеу де әркімнің мандайына жазыла бермеген.

• 12-13-бет



«Ақтабан шұбырындыда» Арқаға көшкен қазақ рулары (арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ, қоңырат) бірнеше жыл хансыз тұрды. Міне, сол кезде ежелгі Тұран ойпатының қақпасы Торғай даласында ел Абылайды Орта жүзге хан көтерді. Көкбай ақын «Сабалақ», «Абылай хан» дастандарында хан көтерілген Абылайға Шақшақұлы Жәнібектің абыз санатында бата бергенін айтқаны белгілі. Ендеше, Абылай 38 жыл Арқада хан болып, ақ туының астына үш жүздің қолын жинап отырғанда, Жәнібек батырдың іс-әрекеттері де Абылай ханның қолдауынсыз болды деуге болмайды». Манаш Қозыбаев – қазақтың бас тарихшысы, академик «Жауды шаптым Ту байлаң» кітабы (71 – 84-беттер, 1994).

Шақшақ Жәнібектің Абылай ханға берген БАТАСЫ

Көнеки,
Көтер білекті,
Батамды берем –
Абылай!
Қабыл ал,
Төңірім тілекті,
Жар бола гөр,
А, Құдай!

Жар бола гөр,
Бір Құдай –
Жар бола гөр,
Жаратқан!
Лебізі дауа жұрттына,
Аузына елді қаратқан.
Әркімнің өз жолы бар.
Ақ туыңды қолына ал.
Аспандай болсын
Ашық түс.
Көрішілеріңнен кем қалма,
Орайы келсе –
Асыл түс.

Қырда – қытай,
Ойда – орыс.
Қақтығыста күшінмен.
Бер, бәріне тойтарыс,
Ақылмен,
Ісіңмен.

Кіріптар бол,
Күн көрсен,
Болғым пей бет –

Қарыз алма көршіден,
Қара жерге кірсен де.
Қарыз алсан көршіден,
Длау да сөйбес өршіген,
Жау да көнбес керкіген.
Жан жарысы жазылмас,
Дендеп алған дертінен.

Атқа керме байлауды,
Жатқа берме жайлауды.
Қай кезде де
Қалтаңда,
Болсын балтаң қайраулы.

Орман бар деп торықпа,
Кесілер де, үзілер.
Қорған бар деп қорықпа,
Ол да бір күн мүжілер.

Тұрар болма оқ ұпса,
Қумар болма соғысқа.
Бәрің жетіп шығасың,
Ақыл-айлаң тоғысса.

Әр сөз сайын түлеген,
Алды сүйіп,
Күн құшқан.
Аузың айға білеген,
Арғы атаң –
Шыңғыс хан.

Басыңды иіп,



Қали СӨРСЕНБАЙ

(Басы 1-бетте)

Тәттімбет – ерекшелігі көп, тоқсан толғаулы, тоғыз тараулы күйші, Қысқасы, Тәттімбет – өрең болмаса өгкел бермейтін бел-белес, бірде асау, бірде жылы ағас. Онан іріміне оғу үшін де ірелі ізансымен қатар, Төңірі дәрятқан бір даралық керек-ау. Айналып келгенде, Төткене тәуекел етіп түрен салғандар да тегін болмай шығады. Олар көп те емес, аз да емес. А.Жұбанов, С.Бегалин, У.Бекенов, Т.Әлімқұлов, А.Сейдімбек, Т.Әсемқұлов. Бұл қатарда ел ішінде С.Ләмбек (*«Тәттімбет-рамамы»*), Т.Майбасов тарихи қаламгерлер барын да айту керек. Тәттімбетті асылында көп ішінен көзге көрінбесе де ерек түсетін көкжөйлек дәрсіні-ау. Ахмет Жұбанов оның бірегей біткен бітімін дедір Дәулеткереймен шебер шендестіріп еді. Күй кемеңгерлерінің жан дүниесіндегі ұқсастығы ұмындыруға келгенде тажап ұмытымыр жасайды. Орысты былай қойғанда, суропалық, батыстық ренессанс кезеңінің музыка тарихына да жетік дүниелік деңгейдегі дедірдің терең топсірелейді.

Аханның ұлы мұзыканттар өміріне бойлаған сайын біртіндеп бауырын жазып шабатан шын жүйріктей шабандоз шабыттың құшағына езуінің бір сырын қалай бағамдаған болар едіңіз? «Мектепте физиканы дамыту үшін, алдымен, әдебиетті жақсы оқыту керек» дейтін ағартушы физик, Нобель сыйлығының лауреаты Жорес Алферов айтқандайын, Ахан да оу баста әдебиетті жақсы білді. Тарихи шыныққа ден қоярда қаламын көркемдік шыныққа суарып, сұмытып алады. Әрине, Ви-ноградовтың «Паганини» аударған оның көркем әдебиеттен билерлігі бір кісідей екеніне шүбо жоқ. Аханның «Замана бұлабында» аударған білігі Белмер де (*«Ғасырлар пернесі»* Э.Кедрига аударған) оның бұл қасиетін сол күндерде жүргізіген күнделігінде әбден мойындаған. Сондықтан да ол күйшілер өмірі туралы толғанғанда хронологиялық деректермен ғана сөйлемей, көбіне көркем жазуға, бекзат баяндауға неқ артады. Мәселен, Омбының генерал-губернаторы даянның дуанбасы, би, болас, сұлтаншары шұғыл шақырған мәжілісінен жазылған жазбаны көркем дүние оқығандай әсерленесіз. Сондағы Шорманның Мұсасы мен қыпшақ Ыбырайдың «жер-жебіріне» жетіп жазатын Ахан Тәттімбетке келгенде көркем көсіледі. Міне, былай: «...Бұлардың төменгі жағынан келіп, жасы жиырмадан шамасындағы аяғын алған басқан сері жігіт отырды. Келбеті келіккен, қызылшарықта, бойы ортадан жоғарырақ, жана өсіп келе жатқан әдемі қара мұрты бар. Биік тақалы қара етістің өкімесіндегі көксауырған жиектеріне күміс шалынған, қитен қимі де, өзінің жүріс-тұрысы да бұл келгендердің бәрінде де ұқсамайды. Ол қолында алақанына мақпал салып, тобылғы сабын илі қайыспен орап тастаған

жылданбауыр етіп өрген қамшысы, сол қолында әшекейлеген, қысқа мойынды, бұрышты домбырасы бар. Жігіт басқалардай болмай бір атты мініп, екіншісін жетектеп келіп, жақындағанда өкеуін де түйін тастады. Жігіт бірдеме деп аузын ашқанда жануардың өкеуі де тұрған жерінде, түсеусыз, шідерсіз қаңтарылып тұра қалды. Бұл бір көрініс те отырғандардың назарынан тыс кеткен жоқ. Жігіттің жас та болса салмақтылығы, ұстамдылығы салтын жерден көпшіліктің көзіне түсті. Әншейінде қарамағындағы «қырғыздарды» бас-аяғын шолып жітпайтын жарым патшаның өзі де бүгін осы бір жігітке қарай берді. Қаншама басқаларға білдірмей көзінің астымен қараса да, бірін-бірі бағып қалған құлар генерал-губернатордың мұнысын байқап қаламы отырды» (А.Жұбанов, *«Ғасырлар пернесі»*, «Жайық – Пресс» баспасы, 2002, 205-бет).

ТӘТТИМБЕТ. ТӘКЕН.

ТЕРЕҢ. ТЫЛСЫМ. ТҰҢҒИЫҚ.

Сырлы. Мұңлы. Нұрлы.

Жалпы, күй өнері есте жоқ ескі замандардан тамыр тартады ғой. Пайғамбарлар да, патшалар да күй тартқан. «Күй қаландары» деген ұғым-түсінік содан қалған. Біз білгенде қазаққа да сөзбен сазалмасып отырған. Сөздің саз орынына, сөздің сөз орнына айналған сөздері аз айтылмайды. Бертін келе бұл тәсілі тірітіп, жаңғыртып жазып, жүзге асырған Ақселеу Сейдімбек еді. Хамит Ерғалиев те күйге сөз жазды. Ахмет Жұбанов та бұл жағдайды ар сипатта саралайды. Бұл ойдың растығына Таласбек Әсемқұловтың бірде: «Атам маған күй үйреткен күндерде түрлі жағдай болатын. Кейде ырығанын жанылып кетсем, ымылап, әнге салып түсіндіретін. Мәселен, өте құрделі Тәттімбеттің «Кәкейкестісінің» мағынасын баяндай отырып, әңдетіп айтқаны есімде», – дегені бар. Бертінде «Тәттімбет серісінде»: «...Би шерткен күйін барлығын ортақ қасиет – алардың адам айтқан сөзге ұқсас кететінінде екен. Кей ірім үзіп-үзіп айтылған болса, кейбір бұрмалар көсіліп айтқан үлкен сөзге менейді. Кейбір күйлер тіпті екініңді айтқанды қысқа қайырым әндерге ұқсайды», – деп те жазды. Бұл ерекшелік Төкенде де бар. Кейде күйдің өуегін дыбыстап, сөзбен жазып кетеді.

Күйдің құдіреттігі сонда, сіз одан алған әсеріңізді көркем жазуға, сөзбен жеткізуге қушынып тұрасыз. Бұл тұрғыдан келгенде Тәттімбеттің «бойлауық күйлері» (А.Сейдімбек) сөйлеп жатқандай жаныныға тым жақын. Ол үшін бір сөз күй тыңдауға, оны тартып айтуға келгенде қанықсыз бар қасиетке арқасынға болды. Ахан айтқандай, кілен лирикалық бағыттағы Тәттімбет күйлерін тыңдағанда, өнерге тән бар канондардың өріп шығатыны содан. Лиризм мен психологизм алаңсыз арбайды. Оның күйлері әлі күнге өміршен, біте де бейім. «Былқылдақ», «Сылқылдақ» сонау «Қыз Жібек» операсында Шара билегеннен бері талай қойылымға, әсіресе Брусиловскийлерге азық болып келді. Әрине, мұндай күй атаулары басқа күйшілерге де кездеседі.

Бірақ Тәттімбет қалды. Сол секілді «Қосбасарлар» «Ақжелкендер» де өркімде бар. Сүгірде, Тоқалда да бар. Бірақ Тәттімбет қайталанбайды, ұлы сарын, ұлы ағыстар бей-бейлейді, ғой-ғөйлейді. Онда сүйекке сіңісті сезім сыры, дүниенің нұры, мөддір мұны, құштар көңіл, мәңгілік арман-ансар, сары сағыныш бар. Міне, осы жорғасынан жанытмас көңіл күй ноталарын А.Сейдімбек Тәттімбеттің қайталанбас иешен шерткістерін, көсем тартыстарын түрлі классификацияға бөзіп, жілік майып шаққандай таратады. Күйдегі көсемдік, кемеңгерлік қалпын кестелеп, зерлене құяды. Кезеңнің дедірлік, эпиталық болмысының Тәттімбет туындыларындағы дара сипатын парасатты парықтайды. Тәттімбетті «жер-жебіріне» жетіп жазған қос Аханның таным тартысын терендеткен сөз жоқ, күй тілімен жазатын Төкен мен Таласбектің деңгейі де бір байтақ.



Ықпалы, Сүгір, Сейтек, Махамбеттердің ішіне өмір-еркін етіп, шамын жағып отырып жазатын әдебиеттегі тенор Төкен Әлімқұловта Тәттімбет тағдырының бір соулелі сәтін суреттейтін «Сарыжайлау» деген дедір дүние бар. Өмірдің бар тауқыметінен терең ой түйіп, оны мен солан әбден саралап, аға жасына жетіп, бар арман-ансарын ой-парасатына жеңдіріп, еңділі ұмырын күйге толайым бұрған Төкеннің Тәттімбетті сөз жоқ, махаббат мұны, танықтық дертіне шалдыққан. Сары кыз өмірінің сағынышына, Сарыжайлауына айналған. Жазушы Тәттімбеттің осы көңіл күйін күй тілімен алып шығуға тырысады. Ал Аханда «Сарыжайлау» лейтмотіні мүлде басқаша баяндайды. Күй арқауы – шаппарлардың өзделен атақонысы Сарыжайлаудың келешегі, тидыр-талейі. Мұнда Төкен жазатын Сары кыз да, Таласбек айтатын Ақсунар кыз да жоқ. Ахан күйден ат үстіндегі ел, жер тағдырын ойлаған болмыстың болмысын, қайраткерлік көсікіні көреді.

Ғылымда кісінің келте ғұмыры биологиялық, интеллектуалдық жас деп бөлініске түседі ғой. Төкеннің «Сарыжайлауда» қырық бестегі Тәттімбет биологиялық жырға бөс жасындағы көңіл күй мен кемеңгерлікке келіп маңдай сүйеген интеллектуалды жас арамындағы өмір салыстырмалы, шендескен түрде шырылық атып көрінеді. Сонан бері өткен өмір бөлестері арқылы өріліп, бастапқы бағамдалған ұлы уайым жетіледі. Төкеннің тапқырлығы кейіпкерінің ішкі арпақасын бей-бейлеп, ғой-ғөйлеп отырып көңіл күйдің ең жоғары нотасына, экстазға жеткізіп суреттейді. «...Күйді тыңдаған адам онда жаратылыстың суреті барын аңғарады. «Сарыжайлаудың» қандай оқиғасы арнап шығарылатын жөнінде білің қолымағала дерек жоқ, кім біледі, «Сарыжайлау» мінің келе жатқанда үсті жайлаудай тыныш, алдымы қозғайтын жүрісті, Тәттімбеттің жақсы көрген бір атынан аты да болуы мүмкін», – дейді А.Жұбанов. Сонымен қатар Ахан күйдің бойыншы динамикадан, талақсыз тулап жататын рефрендерден де сыр ауайды. Төкен сол су астындағы

ағыстай ірімдердің тереңіне риксыз бойлайды. «Сарыжайлау» жылдар өткен соң сары уайымға салған Сары кыз ғана емес, оның ауқымы әлдеқайда айбынды, айбарлы. Шаппарлар мен төрелер арасындағы тартыс, атақоныс «Сарыжайлаудан» айтырмалы, қазақ қоғамындағы қайшылықтар, Қарқаролының дауыбасы, Құспөк төренің қиянаты. Кісіге қолың емес, таяғын беріп амандасатын төренің таяғын қағып жіберген Тәттімбеттің тегеуріні, оның соғының өшпес өшпенділікке айналуы, айналып келгенде, «Сарыжайлаудың» жат қолында кетуі – күй бойындағы толқын-толқын болып тулап жатқан шетсіз де шексіз драма. Осы ұлы уайым мен қуанышқа дауа іздеген көңіл күй сәтін суреттеуде Төкен сұрыпалы. «Күй шығару үшін оңашаланып» Тәттімбеттің жалғыздықпен бетбе-бет келетін кезін кестелегенде, қаламгер өзі де күй шалып отырғандай әсерге енесіз.

Тәттімбеттің тереңдігі, осылайша, түрлі тыым, түрлі түсініктердің түбіне түсіріп жібереді. Қай зерттеуде де оны осы дүниені бойынша бағамдайды. Біржан салдың жырлығындай, «Тәттімбет – Арғын асқан ардагерім, қырық түрлі күй тығған бармағалым».

Дана. Дара. Сара.

Әрине, ардақты Тәттімбетке түрен салғандардың зор әлеуетіне сүркілі саясатты да салқыны тимей қалғы жоқ. Қазақтың рухани тарихын талдап, тарихтауға екі мыңыншы жылдары тоқыраудың тоны жібі бастағанда мүмкіндік туғаны жасырын емес. Осы бір жылдары бұрын сиртты ғана атына қанық Таласбекпен тікелей таныс болудың сәті түсті. Онда «Алматы ақшамындамын». «Бір күні Таласбек кіріп келді» атты мақалама бағамдалғандай, ол бізге қаламақызға келісімшартпен қызметке алдым да, елуері уақытта басқарманың интеллектуалдық деңгейін зәу бйікке көтеріп жіберді. Сол тұста ол, Тәттімбетке дағын екенін де айтты жүретін. Өткен, күнкірсі үшін жасалатын тірілестер біраз уақытқа қол байлады. Деді-тұрағымен де осы қарбалас күндерде «Тәттімбет сері» романынан

